

# ТҮБІ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
РОПАНІ КАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

апрель Жексенбі

Шығуына 33 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

**МТС-тер мен колхоздардың өндірісін мұқият  
парлау арқылы барлық мүмкіншіліктердің толық  
дұрыс пайдаланылуына жетісетін болайық. Сөзінше  
тіміздегі жылы көктемгі егісті қысқа мерзімде  
агротехникалық жоғары дәрежеде өткізу арқылы  
лық егіс көлемінен мол өнім алынуына жетісейік!**

## Ұмыс

наша себілетін болады. Ондағы колхозда көктемгі егістің негізгі тәртіпін қатар, трактор бригаданың колхозшылар да Жоспар бойынша кәсіпкерлік қамтытынның қарамағына тірлендіріп май тасушы және атқару үшін 12 адамды шағарушылық артефакттерге егіс науқанының құрамын тұрақты және назар аударыл

ұмыс жоспарында көктемгі күні ішінде аяқталатын трактор бригадасына толық сәйкес

дағы Вильямс атындағы артелінің мүшелері МТС-нің аталған бригадасын көктемгі егістің жұмысын жасап жатыр. Колхоздағы және майлы дақылдың бийылғы жылы едәуір байланысты трактор

## Егіске әзірлікті тексеруде ашылған кемшіліктерді дереу жою керек!

### Өзара жарысушы колхоздарда

Үстіміздегі жылы «Победа» және «Путь Ленина» ауылшаруашылық артелдері колхоз шаруашылығын барлық жағынан өркендету жөнінде өзара социалистік жарысқа түскен болатын. Жуырда осы екі колхоздың мүшелері өздерінің көктемгі егіске әзірлігін тексерді.

«Победа» колхозы — жылма-жыл егіске үлгілі әзірленіп, егіннің барлық көлемінен мол және тұрақты өнім алып келе жатқан колхоздардың бірі. Тексерісте бұл колхоздың егіншілерінің бийылғы да көктемгі егіске бірқатар жақсы әзірленгені анықталды. Мұнда 110 тырма, 22 плуг және бірнеше сеялка, арба толық жөнделіп, егіске әзір етілген. Олар егіс бригадаларына бөлініп берілген.

Жергілікті тыңайтқыштар дайындау жөнінде де елеулі жұмыстар істелген. Мәселен, 20 центнердей күл, 12 центнердей күс саңырағы және 540 тоннаға жуық көң жыйналып, олар түгел егіс басына жеткізілген. Егістік алаңға қар тоқтату да ойдағыдай жүргізіліп келген. 1400 гектар егістік жерге қар тоқтату

жұмыстары өте баяу жүргізіліп келеді. Қолда бар тұқым қоры күні бүгінге дейін тазаланып болған жоқ. Жүздеген гектар тұқымдық дән өнгіштік сапаға әлі жеткізілмеген. Ал, жай тұқымды сортты тұқымға айырбастау ісі қолға да алынбаған. Жұмыс малдары онша күтімге қойылмаған, олардың бірқатарының күйі төмен.

«Путь Ленина» колхозының егіске әзірлігі елеулі олқылықта. Мұнда құрал-саймандарды жөндеу әлі біткен жоқ. Жұмыстың бұл участегінде еңбек ұйымдастыру ісі жолға қойылмаған, колхозшылар күндік, бескүндік жұмыс нормаларын көбіне орындай алмай келеді. Колхозда қысқы агротехникалық шаралар

ге қар тоқтату, жергілікті және минералды тыңайтқыштар дайындау, жыйнау, оларды егіс басына жеткізу жұмыстары ойдағыдай емес. Бұл жөнінде көп жұмыстар істелмей қалып отыр.

1440 гектар орнына, 900 гектардай ғана егістік жерге қар тоқтатылған. Жергілікті тыңайтқыштар өте аз дайындалған. Ол-олма, жыйналған болар-болмас күлдің, көңнің және күс саңырағының өзі осы уақытқа дейін егіс басына тасылып алынбаған. Егіс бригадаларының құрамын толықтырып, нығайту жөнінде де мұқиятты ештеңе істелмей отыр.

Екі колхоздың мүшелері көктемгі егіске әзірлікті тексерудің нәтижелерін қорытындылай келіп, колхоз басқармаларына шаруашылыққа нақтылы басшылық жасап, көктемгі егіске тұжырымды мерзімде барлық жағынан тыңғылықты әзірленуді, бұл істегі кәзір орын теуіп отырған кемшіліктерді батыл жоюды тапсырды.

Егістік жерлерге және шабындықтар мен жайылымдарға қар суын тоқтататын бөгеттер жасау жөнінде Шағлы МТС-нің қамтуындағы колхоздарда кәзірдің өзінде бірқатар жұмыстар істелді. Мұнда егістік алаңның суы сайлар мен жыраларға ағатын жерлерінен қар және мұздан бөгеттер салуға трактор және аз

А. ПОПКОВ,

Су қорын тиімді пайдалану  
— мол өнімнің негізі

## Маңызды іске жете мән берілмей келеді

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің «1952 жылы республикамыздың су шаруашылығын одан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы су қорын тиімді пайдаланулы көздейді. Бұл қаулыда көрсетілген міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру егін және мал шаруашылығының тез қарқынмен өркендеуіне қосымша әр мүмкіншіліктер тұрғызады.

Осыны еске ала отырып, Совет аулақшының алдыңғы қатарлы МТС-тері мен колхоздары егістік жерлерге, жайылымдар мен шабындықтарға қар суын бөгеудің шараларын жүзеге асыруға тыңғылықты әзірлікпен кірісті. Сондықтан олар жұмыстың мұндай маңызды уақыттан бастап сайын қызу қарқын жүргізіп келеді.

Егістік жерлерге және шабындықтар мен жайылымдарға қар суын тоқтататын бөгеттер жасау жөнінде Шағлы МТС-нің қамтуындағы колхоздарда кәзірдің өзінде бірқатар жұмыстар істелді. Мұнда егістік алаңның суы сайлар мен жыраларға ағатын жерлерінен қар және мұздан бөгеттер салуға трактор және аз

міндеттердің ойдағыдай шешілуін қамтамасыз ете алады және келешекте не істеуі керек екенін нақтылы болжай білетін болады.

Облысымыздың бірқатар алдыңғы қатарлы колхоздары және МТС-тері кәзірдің өзінде әрбір бригада бойынша көктемгі егіс жұмыстарының жоспарын жасауды аяқтады. Мәселен, Совет ауданындағы Каганович атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелері көктемгі егіске арналған жұмыс жоспарында бригадалардың қандай учасоктерде, қандай жұмыс атқаратындығын айқын көрсеткен. Бұл колхоздың мүшелері бйылығы көктемде жердегі ылғалды толық сақтап қалу мақсатында ерте көктемде тырмалау жұмысын бүкіл егіс көлемінде екі ізбен жүргізуді жоспарлап отыр. Сонымен қатар, агротехникалық жаңа әдістерді өндіріске батыл енгізу ісіне ерекше назар аударыған. Колхоздың 240 гектар егістік алаңында жаздық бидай тоғысғалы әдіс бойынша, ал қалған учасоктер қатар-

Сондықтан да жұмыс жоспарында трактор бригадаларының да, егіс бригадаларының да сағаттық графикаі қатаң сақтауы атап көрсетілуі қажет. Өйткені, сағаттық график бойынша жұмыс істеуге жалғыз тракторшылар ғана емес, трактор бригадаларын қамтытын колхозшылар да жауапты.

Осындай аса жауапты міндеттерге сәйкес көктемгі егіс жұмыстарының жоспары жан-жақты ойластырылып, барлық күш-мүмкіншіліктерді еске ала отырып, алда тұрған міндеттерді ойдағыдай шешу алатындай дәрежеде жасалуы керек. Бұл үшін ауылшаруашылық орындары колхоздарға мамандарды жіберу арқылы нақтылы көмек көрсетуге тиіс.

МТС-тер мен колхоздардың өндірісін мұқият жоспарлау арқылы барлық мүмкіншіліктердің толық және дұрыс пайдаланылуына жетісетін болайық. Сөйтіп, үстіміздегі жылы көктемгі егісті қысқа мерзімде және агротехникалық жоғары дәрежеде өткізу арқылы барлық егіс көлемінен мол өнім алынуына жетісейік!

## Туысқан республикалар кәсіпорындарының жарысы

ТБИЛИСИ, 2 апрель. (СОТА). Тбилисидің Киров атындағы станок жасайтын зауытының коллективі Ереванның электр машиналарын жасайтын зауытымен жаңадан социалистік жарыс шартын жасады. Бұл шартта коммунизмнің ұлы құрылыстарының зақаздарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарыста қабылданған нақтылы міндеттемелер көрсетілген. Кәсіпорны міндеттемесін аброймен орындап келеді.

Тбилисидің станок жасаушылары техно-

логиялық процесті жақсарту ісіне аса ірі үлес қосты. Құрастыру цехында құрастырушы конвейер пайдалануға берілді. Мұның іске қосылуымен әрбір станокті жасаудағы еңбекті көп керек ететін жұмыс мөлшері жүз норма-сағат кемітіледі.

Ереванның электр машиналарын жасайтын зауытының коллективі де аса зор табысқа жетті. Сталиндік жаңа құрылыстарға 200-ден аса трансформаторлар жөнелтілді.

## Ольга Алешинаның жаңа табысы

ЛЕНИНГРАД, 2 апрель. (СОТА). Резина-техникалық бұйымдар жасайтын заводтың стахановшысы Ольга Алешина бригадалардағы жұмысшылардың санын қысқарту жолындағы жарыстың инициаторы болды, ол өндірістік жаңа табысқа жетті. Ол біртоп инженерлермен творчестволық ынтымақтасып, фрезерді жұмысқа өз

дігінен қосатын арнаулы пневматикалық бейімделген тетік жасады.

Осы тетікті қолдану жұмысаралық уақытты едәуір қысқартты және жұмысшы әйелдердің еңбегін жеңілдетті.

Жаңа автоматтарды заводтың барлық фрезер станоктеріне орнату белгіленді.

қорытындысына қарағанда, Сталин атындағы колхоз (Мамлют ауданы) көктемгі егіске үлгілі әзірленуде. Құйылған тұқым қорының 1804 центнері тазаланып, егу сапасына жеткізілсе, 400 центнердей тұқым сортталып, өңгіштік сапаға жеткізілуіне берілген.

Ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеу де ойдағыдай жүргізіліп келеді. 68 айқыш тісті тырма, 31 арба, 49 жарма және 18 тұқым тасыйтын жәшік толық жөнделіп болды. Осымен бірге, мұнда тұқым тасуға 140 қап әзірленді.

Қысқы агрономиялық шараларды жүзеге асыру жөнінде де істелген жұмыстар аз емес. Мұнда бүкіл қыс бойына ат қар жыртқышымен егістік жерге үздіксіз қар тоқтатылып келді. Осының нәтижесінде 620 гектарға жуық егістік жерлерге қар тоқтатылды. Қар тоқтатуға таңдаулы колхозшылар бөлінді. Сондық-

тан да бұл жұмыс әрі тез, әрі сапалы атқарылды. Егістік жерге тоқтатылған қардың қалыңдығы 50 сантиметрден асады.

Егіс бригадалары көктемгі егіске толық әзір. Олардың әр қайсысына егістік жер, құрал-саймандар, жегу әбзелдері және жұмыс малдары бөлініп берілді. Әрбір бригада бойынша егіс кезіндегі жұмыс жоспары жасалды. Жоспарда қолға бар күш-мүмкіншіліктің іске сарқанып қалмауы, әрбір колхозшының егіс кезінде күнбе-күн өнімді жұмыс істеуі көзделген.

Дегенмен колхоздың егіске әзірлігінде кейбір кемшіліктер де жоқ емес. Мұнда егіске тұқым дайындау әлі де болса ойдағыдай емес. Бау-бақша дақылдарының тұқымы жеткілікті әзірленбеген. 50 центнер жай тұқым сортты тұқымға айырбасталуға тиіс еді. Бірақ, бұл жұмыс күні бүгінге дейін қолға алынған жоқ.

Колхоз бау-бақша жұмысін қамтамасыз ету үшін жеткілікті басшыларды жөндеу және шешу керек. Мәселен, 27 күннен өтті. Олар қайта әбзелдерін тіп қалған. Колхоз жөндеп, егіс мей келеді.

Егіске әзірдігі бригадалар талқыланып, әзірлікті тапудың нақтылы

Мамлют ау

## КОММУНИЗМНІҢ ҰЛЫ ҚҰРЫЛЫС



СҮРЕТТЕ: 1. Цимлян су электр станциясы құрылысында жетекшісі Александр Чичкан (оң жақта) су астына түсу астына түсуге әзірлеп тұрған кезі. 2. Жаңа Қаховка станциясы құрылысына келген жаңа жүк автомашиналары (СО

# лерінің жұмысы жесінде болсын!

алдыңғы екемелері, өздерінің отырып, іздениетті ар кітап ан өткізу көркем хаттайды, си-тәрбие жергілікті реседі, ын ойда-ған мәде-ызметкер-жариялап

## НЫН сі

тапхананың шылар кон-тап оқушы-ердің ара-жүргізудің

туралы» Боптяеваның В. Гогольдің на конференциялардың ың, партия, өткерлерінің

ң жұмысын үргізеді. Ақ көмек көр-ы көмекші-Иночкина, дастар бар. ич, Агар-

## Кітап оқушыларға көмектесіп отырамыз

Біздің балалар кітапханасы екі жылдан бері жұмыс істейді. Оның кітап оқушылар саны күн санап артуда. Егер үстіміздегі жылдың 1 январына дейін 645 жас кітап оқушы болса, көзір олардың қатары 706 адамға жетті. Біз жұмыс істей бастаған алғашқы күннен-ақ тек аудан орталығындағы балаларды ғана емес, ауданның барлық оқушыларын қажетті кітаппен қамтамасыз етіп отыруды өзіміздің алдымызға мақсат етіп қойдық. Ол үшін біз жылжымалы 14 кітапхана ұйымдастырдық. Олар үнемі бізге келіп кітаптарын ауыстырып алып тұрады. Мұның өзі ауыл-селодағы оқушылардың тілеген кітабын алып оқып тұруына мүмкіндік берді.

Өткен уақыт ішінде біз кітап оқушыларымен жұмыс істеу жөнінде біраз тәжірибе алдық. Бізде «Менің жақсы көретін кітабым» деген тақырыпта кітап оқушылар конференциясы өте қызықты өтеді. Жоғарғы класс оқушылары үшін «Кім болу керек» деген тақырыпта өткізілетін кештерде ауыл шаруашылығының мамандарын қатыстырып, олардың өз мамандығы жөнінде әңгімесін ұйымдастырып отырамыз.

Кітапханада қабырға газеті үнемі шығарылады. Онда жас кітап оқушыларымыз өздерінің оқыған кітаптары жөнінде, кітап оқудан қандай әсер алғандықтарын айтады. Ал, кітапхана өз тарапынан таңдаулы кітап оқушыларды «Белсенді кітап оқушылар» тақтасына жазып отырады.

Жақан СЫЗДЫКОВ

## Айбарлы үнменен...

Тасты өзендер...

Тау жаңғырды,

Жеркенді жан түршікті.

Қалың орман, —

Күніренді,

Шегін тартқан үн шықты:

Шыбын ұшты жерді қаптап,

Маса,

Сона ызындап

Өрмекшілер өрмелеп жүр,

Кене, биттер быжылдап...

Қандайалар.

Тарақандар, —

Ұырыс-тырыс еткен неліктен?

Трумэн сұм өзі жемдеп,

Бордақылап семірткен.

Ачесонның сыйрағындай,

Ұзын аяқ инелік.

Қанатына у жапсырып,

Бұ да шыққан үйреніп...

Риджуэйдін тұмсығындай,

Корсылдайды доңыз да.

«Американ бейнесіндей»,

Құжынап жүр қоңыз да.

Тасып олар: жанталасып,

Оба, шешек, қызылша.

Сона да жүр ызын қағып,

Дәл Маршаллдай ұзынша...

Тасыйды олар:

Құлғанасын,

Алапесін, мерезін.

Дауысынан жан түршігер,

Шыңғырады мегежің.

Тасыйды олар

Сұла сүзек, обасын.

Шығып кеткен естерінен:

«Не ексең соны орасың!».

Жер жүзінде адал жанның

Жүрегінде,

Кек тулаң,—

«Аюандар!

Сұмдық... —деді, —

## Совет Үкметі Куба үкметімен дипломатиялық қарым-қатынастарды тоқтатты

1952 жылғы 21 мартта Кубаның өкмет орындары елдер арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың жалпы қабылданған нормаларын өрескел бұзып, ССРО-ның Гаваннадағы миссиясына арналған дипломатиялық почтамен келген совет дипломатиялық курьерлерінің Кубаға баруына тыйым салды. Кубаның өкмет орындары ССРО-ның Кубадағы уақытша кіші елшісінің аэродромға келген дипломатиялық курьерлермен кездесуіне Куба үкметінің келісімі және нұсқауы бойынша кедергі жасады, ал, дипломатиялық курьерлерге, олардың Кубаға баруына рұқсат қағаздары бар екендігіне қарамастан, дереу елден кетуге әмір етілді.

Осы жылғы 3 апрельде ССРО-ның Кубадағы уақытша кіші елшісі Фомир

жолдас Кубаның сыртқы істер министрінің орынбасарында болды және Совет Үкметінің тапсыруы бойынша, оған мынадай мазмұнда нота тапсырды:

«ССРО-ның Кубадағы миссиясы, совет үкметінің тапсыруы бойынша, мынаны мәлімдеуді қажет деп санайды:

Куба үкметінің осы жылғы 21 мартта Совет Одағының дипломатиялық курьерлерінің Кубаға баруына рұқсат беруден бастарғандығы, сөйтіп, жалпы қабылданған дипломатиялық нормаларды бұзып, ССРО-ның Кубадағы миссиясына ССРО үкметімен бірқалыпты дипломатиялық байланыс жасау мүмкіндігін жойғандығы себепті, Совет Үкметі ССРО-ның Кубадағы уақытша кіші елшісін кейін шақырып алады Куба үкметімен қарым-қатынастарды тоқтатады».

## Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің бюросында „Бактериологиялық соғысқа қарсы“

ОСЛО, 1 апрель (СОТА). 1952 жылдың 29 мартынан 1 апреліне дейін Ослода сессиясы болып өткен Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің бюросы «Бактериологиялық соғысқа қарсы» төмендегі үндеуді жариялады:

Кәзіргі уақытта Қытай мен Кореяда болып жатқан бактериологиялық соғысқа байланысты документтерді біз мұқият қарап шықтық.

Бұл документтерді зерттеу біздің өне бойымызды түршіктіріп, сілкіндірді. Бактериологиялық соғыс — бұл дереу тыйым салынатын жантүршілерлік қылмыс қана емес, бұл — бүкіл адамзатқа жасалынып отырған хауіп. Біздер барлық

аралық конвенцияны ұлы мемлекеттердің ішінде бекітпей отырған тек қана жалғыз мемлекет — Америка Құрама Штаттары екендігін атап көрсетеміз.

Конвенцияға қол қойып, бекітіліп және онан туатын міндеттерді барлық мемлекеттер мүлтіксіз орындап отыру мақсатымен өздерінің үкметтеріне ықпал жасауды бүкіл дүние жүзінің барлық халықтарынан талап етеміз.

Сол сыяқты, ең зұлым және адам жаны түршігерлік ең қорқынышты құрады қолдануда айыпты жеке адамдарды соғыс қылмыстылары есебінде жауапкершілікке тарту үшін батыл қиймылдар көрсетуді талап етеміз.

оқу үйі, 3 селолық кітапхана, селолық клуб бар және селолық 14 лекторий ұйымдастырылған. Оларда қолынан іс келетін және өз ісін жақсы білетін ондаған қызметшілер жұмыс істейді.

Дала қосында лекция оқу бұқаралық жұмыстың өте-мөте пайдалы түрі екенін біз тәжірибеден айқын көрдік. Бұл іс, әсіресе, Владимирова оқу үйінде жақсы

да жүзден астам лектор бар. Бұл—арине, үлкен күш.

Мәдениетті, рухани дем алу —егінші колхозшылар үшін өте пайдалы. Түскі тамақ кезінде жұмыстан кейін, дала қосында берілетін концерттерді, көрсетілетін қысқа пьесаларды, өткізілетін әңгімелерді, әндер мен музыканы колхозшылар әрқашан сүйсіне тыңдайды.

дениет бригадасы барып тұрады.

Бөктемгі егіс кезінде біз егіншілер, әсіресе, механизаторлар арасындағы мәдени-көпшілік жұмыстарына көбірек көңіл бөлетін боламыз. Біз «Механизатор күнін» өткізуді ұйғарып отырмыз.

**Г. ЯКОВЕНКО,**

Приешім аудандық мәдени-ағарту бөлімінің меңгерушісі.

лар қатысып еді, көзір олардың көпшілігі жақсы музыканттар болып алды. Байланыс экспедициясының қызметкері Тая Петрищева бұрын ешбір музыкалық аспапта ойнай білмейтін. Көзір музыкалық сауатын толық ашып, оркестрдің тандаулы әншісі болып алды. Жас паровозшы В. Бальсер орыс музыка аспаптарының қайсысында болсын ойнай алатын дәрежеге жетті.

ның талабын қолда білдіреміз.

Біздің екінші міндеттерді бактерия корғау болып табы

Бактериологиялық даярғыш газдарды салған 1925 жылғы

## Орыстың ұлы революционер-демократы

(А. И. Герценнің туғанбына 140 жыл толуына)

Ұлы ойшы, жазушы және революционер Александр Иванович Герцен орыс халқының азаттық қозғалысының аса көрнекті қайраткерлерінің және халқымыздың озат, демократияшыл мәдениетінің таңдаулы өкілдерінің ішінде құрметті орын алады.

Герцен «халықтың царизмді жеңуі үшін күресті... Ол революция туын көтерді», деп көрсетті Ленин.

А. И. Герцен 1812 жылы туды. Жас Герцен Россиядағы қоғамдық қозғалыстың Отан соғысы тудырған қуатты өрлеуінің куәсі болды. Оның революциялық көзқарасының қалыптасуына 1825 жылғы Петербургтегі декабристер көтерілісі орасан зор әсер етті.

Декабристер көтерілісінен үрейленген Николай І-нің үкметі орыс қоғамындағы еркіншілік сүйгіш ойдың қандай болсын көрінісін аяусыз басты. Университетті бітіргеннен соң Герцен және оның достары тұтқындалып, сол кездегі Россияның алыс өлкелеріне айдауға жіберілді.

Айдауда жүріп Герцен өз халқын анық біліп, одан сайын жақсы көреді. Патшалық өкмет орындарының қуғындауы халық бұқарасын қайыршылық пен правосыздыққа душар қылған самодержавиелік құрылысқа деген оның өшпенділігін өршіте берді.

В. И. Лениннің мінездемесі бойынша, XIX ғасырдың 40-шы жылдарындағы кре

постнойлық Россияда Герцен «өз заманындағы асқан ұлы ойшылдармен қатар тұрарлықтай жоғары дәрежеге көтеріле алды».


Орыс халқының азаттық жолындағы күресіне Герценнің белсене қатысуы оның әдеби еңбегінің ұлы көркемдік күшінің қуатты қайнар көзі болды. Қыркыншы жылдарда ол келесі ұрпақтағы жазушы демократтардың творчествосына үлкен әсер еткен «Кім кінәлі?» романы, «Сорока—воровка» және «Доктор Крупов» повестері сыяқты тамаша шығармаларын жазды.

Патша үкметі қуғындап, революциялық насихат ісін жүргізу мүмкіншілігін айырылған Герцен шетте жүріп туған халқының бостандығы үшін күресті жүргізе беру үшін өз елінен кетуге мәжбүр болады. Ол Россиядан Европадағы 1848 жылғы революция қарсаңында кетті, сөйтіп, көп ұзамай Францияда пролетариаттың көтерілісін қанмен тұншықтырған буржуазия реакциясының мейлінше өршуінің куәсі болды.

1852 жылы Герцен Лондонға көшіп барды, мұнда өзінің ертедегі арманын—орыстың еркін баспаханасын құруды жүзеге асырды. Шетелде орыстың еркіншілік сүйгіш баспасөзін ұйымдастыруын В. И. Ленин Герценнің ұлы революциялық қызметі деп білді. Бірсыпыра жылдар бойына оның «Полярная звезда» аль

манағы мен атакты «Колокол» газеті озат Россияның өктем үні болды.

Өзінің өмірін революциялық күреске түгелдей арнаған философ-материалист,



асқан талантты жазушы-демократ Герцен бұл жылдарда өзінің бүкіл дүние жүзіне белгілі «Былое и думы» мемуарларын жазады, ол Россия мен Батыс Европадағы бірнеше ондаған жылдар бойындағы, декабристер көтерілісі мен 30-шы жылдардағы студенттер үйірмелерінен Париж Коммунасы қарсаңына дейінгі қоғамдық

дамудың және революциялық қозғалыстың шын мәніндегі көркем жыры болды. Герценнің мемуарлары Маркс пен Энгельс орыс тілін үйренген шығармалардың қатарына жатты.

60-шы жылдарда Герцен орыстың революцияшыл демократия лагеріне біржолата келеді. Ол Россияда шаруаларды «азат етудің» тонаушылық сыйпатын әшкерелейді, халық бұқарасын революциялық қарсылық білдіруге өктем күшпен шақырады.

Самодержавиелік-крепостнойлық құрылыстың негіздерін батылдыкпен жоққа шығарып және өлтіре сынаумен қатар, Герцен соның өзінде капиталистік қоғамның бітіспес қайшылықтарын дағышпандықпен көре білді.

Ұлы революционер-демократ американдық мәдениетінің рухани азғындандығын, Америка Құрама Штаттарының буржуазиялық мәдениетінің өшіп, іріп-шіріп бара жатқандығын әшкереледі. Герцен буржуазиялық мемлекеттердің сол кездегі билеп-төстеуші топтары әзірлеп жатқан жаңа басқыншылық, агрессияшыл соғыстар туралы ызалы кекпен айтты.

Ұлы орыс демократының ұзақ және оаянды бейбітшілік үшін, еңбекшілер бұқарасына жаңа күйзеушілік әкелетін қан төгіс соғыстардың хауіне қарсы күресінің біздің күндерде, бүкіл дүние жүзінің халықтары біртұтас майдан болып американдық империалистерінің Кореядағы агрессиясына қарсы және Уолл-стриттің билеп-төстеушілері жасап жатқан жантүршігерлік соғыс жоспарларына қарсы шы

ғып отырғанда да ұзын сақтайды.

Герцен өмірінің а революцияшыл тап-рихи ролін түсінуге зят қоғамының тарі

шектеріне өзінің бұр қайта қарап шығып, «қызметкерлердің», табының қолында е

Жазушының қайтыс ғылыми социализм б

өрі идеялық өсуіне

Орыс революция озат қоғамдық ой

хында Герценнің ма

Оның дәстүрлері ре

чинештердің қызметін

дамый түсті. «Дека

оятқаны сыяқты, —

Ленин. —Герцен ме

разночинештердің о

Н. Г. Чернышевский

ралы «Орыс әдебие

ен атактыларының

ларының» бірі деп

Советтік социали

казнасында ұлы

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39 Газет баспасы — 0-22, газет табыс ет

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы полиграфия өнеркәсібі, баспа және кітап саудасы Басқармасының Петропавлдағы Мемлекеттік